



ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАНДЫҚ РУХ


Халықаралық ғылыми
конференция материалдары

Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

**«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР ЖЫРЫ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАНДЫҚ РУХ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

6 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ

ISBN 978-601-81300-9-1



Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Бас редактор: Л.Ч. Карабасова – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор, PhD

Редакция алқасы:

А.Ю. Юнисова – Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы;

Р.А. Бекназаров – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор;

К.С. Матыжанов – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры;

А.Ш. Пангереев – Филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі;

М.Н. Дүйсенғали – облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры;

Ә.Ж. Ұлықпанова (жауапты хатшы) – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы, т.ғ.м.

Т.Ж. Тұралы – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты

Пікір жазғандар:

Ж. Асанов – С. Баишев Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Ұ.Ш. Исмагулов – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

ISBN 978-601-81200-9-1

«Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух» атты Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – 243 бет.

Бұл ғылыми жинақта «Қобыланды батыр жыры және ұлттық қаһармандық рух» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары топтастырылған. Жинақта «Қобыланды батыр» жырының тарихи-мәдени құндылығы, оның қаһармандық рухты қалыптастырудағы маңызы, поэтикалық ерекшеліктері мен таралу ареалы терең талданған. Сонымен қатар, қазақ және түркі халықтарының батырлық эпосын зерттеудегі өзекті мәселелер және оларды оқыту әдістемелері қарастырылған. Материалдар ұлттық мұраның рухани, тарихи және әдеби қырларын ашуға бағытталған. Жинақ фольклортанушылар мен әдебиеттанушыларға, мәдениеттанушыларға, тарихшыларға, білім беру саласындағы мамандарға және ұлттық мұраға қызығушылық танытатын барша оқырманға арналған.

ISBN 978-601-81200-9-1



©Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті конференцияға қатысушылар!
Қадірменді қонақтар, қадірлі әріптестер!

«Қобыланды батыр» эпосы – қазақ халқының рухани мұрасының айрықша үлгісі. Бұл жыр халқымыздың ерлік дәстүрлерін, елдік идеалдарын, ұлттық болмысы мен мәдени құндылықтарын бейнелейтін асыл қазына. Бүгінгі Халықаралық ғылыми конференция осы баға жетпес мұраны терең зерделеуге, оның тарихи-мәдени маңыздылығын жаңа қырынан ашуға және әлемдік деңгейде танылуына негіз қалайды.

«Қобыланды батыр» жыры – ғасырлар қойнауынан сыр шертіп, халқымыздың тарихы мен тағдырын, ерлігі мен елдікті сақтаудағы қайсарлығын бейнелейді. Бұл эпос тек тарихи оқиғаларға ғана емес, қазақтың өмір салтына, дүниетанымына және рухани құндылықтарына негізделген ұлы мұра болып табылады. Бүгінгі конференция осы бір баға жетпес әдеби жәдігердің тарихи-мәдени құндылығын жаңа қырынан танып, ғылыми зерттеулер жүргізу үшін маңызды алаңға айналып отыр.

Биылғы конференцияның халықаралық деңгейде өтуі – қазақтың мәдени мұрасына деген әлемдік қызығушылықтың артқанын көрсететін маңызды оқиға. Біз бұл ғылыми басқосудың арқасында «Қобыланды батыр» жырын ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізуді мақсат тұтып отырмыз. Бұл тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің ортақ мұрасына айналған батырлық эпосты жаһандық деңгейде насихаттауға жол ашады. Жырдың құндылығын ғылыми тұрғыдан таныту арқылы біз оның халықаралық мәдениет аренасындағы маңыздылығын одан әрі айшықтай аламыз.

Конференция барысында жырдың тарихи-мәдени құндылығы, оның көркемдік ерекшеліктері мен кең таралу ареалына қатысты тың зерттеулер ұсынылады. Сонымен қатар, қазақ және түркі халықтарының батырлық эпосын салыстырмалы зерттеу арқылы, оның әлемдік әдебиеттегі орнын айқындауға мүмкіндік туады. Жырды оқыту әдістемесі мен оны жас ұрпаққа жеткізудің жаңа тәсілдері туралы ұсыныстар өзекті мәселелерді шешуге сеп болмақ.

Бүгінгі ғылыми басқосу елдік мұраттарды нығайтуға, ұлттық әдебиет пен мәдениетті халықаралық деңгейде танытуға бағытталған. Ұлттық кодтың ажырамас бөлігі болып табылатын батырлық эпостарды зерттеу арқылы біз тек өткенімізді ғана танымаймыз, сонымен қатар қазіргі және келешек ұрпаққа рухани бағдар көрсетеміз. Ұлт тарихы мен мәдениетін сақтауға үлес қосқан әрбір ғылыми еңбек ұрпақ санасына жол табатын асыл мұра болары анық. Конференция нәтижелері тың идеялар мен жемісті ғылыми жобалардың бастауына айналады деп үміттенеміз.

Құрметті әріптестер, бүгінгі күн – ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртып, оның әлемдік мәдениетке қосқан үлесін насихаттау күні. «Қобыланды батыр» жырының зерттелуі арқылы біздің мәдениетіміздің көркемдігі, тереңдігі және рухани күші тағы бір мәрте дәлелденеді. Бүгінгі конференциямыздың әрбір талқылауы, әрбір пікірі еліміз үшін үлкен маңызға ие болатынына күмәніміз жоқ.

Бүгінгі конференцияның ұйымдастырылуына қолдау білдірген Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейіне алғыс білдіреміз. Сонымен қатар, конференцияға жиналған ғалымдар мен университеттің профессор-оқытушылар құрамына, осы маңызды іс-шараға қатысқан барша қатысушыларға ризашылығымызды жеткізе отырып, конференция жұмысына сәттілік тілейміз! «Қобыланды батыр» жырын әлемдік мәдени мұралар қатарына қосу жолында бұл жиынның нәтижелі боларына сенімдіміз.

Редакция алқасы